

ОБЛЫСТЫҚ АРХИВТЕ КОМИТЕТ ТӨРАҒАСЫ

📌 Құжаттарды сақтап, оларды келешек ұрпаққа жеткізуші киелі қара шаңырақ саналатын Жамбыл облысы мемлекеттік архивіне Қазақстан Республикасының Мәдениет министрлігінің Архив және құжаттаманы басқару комитетінің төрағасы Бораш Қуат Қаһарманұлы арнайы ат басын бұрып, архившілердің тыныс-тіршілігімен танысты.

📌 Комитет төрағасына алдымен облыстық архив туралы жалпы ақпарат беріліп, атқарылып жатқан жұмыстар баян етілді.

📌 Саяси қуғын-сүргін тақырыбына қатысты тәркілеу, ашаршылық, ұжымдастыру науқандарына қатысты құжаттар, мекеме қызметкерлері шығарған кітаптар, құжаттарды сканерден өткізу мен “Құжаттардың бірыңғай электронды архиві” ақпараттық жүйесінің жұмыстары көрсетілді.







